

ОБЛЫС ӘКІМІ СЕРІК ҮМБЕТОВТІҢ ҚОЛДАУЫМЕН

Мұқаш Таңғытулы

ЖАЙСАҚ



Мұқаш ТАНҒЫТҰЛЫ

ЖАЙСАҢ

“Алатау”
баспа-полиграфиялық
корпорациясы
Алматы, 2009

УДК 78
ББК 85.92
Т 19

*Алматы облысы Экімдігінің
бадарламасы бойынша шыгарылды*

Таңғытулы М.

Т 19 Жайсаң - Алматы: "Алатау" баспасы 2009. 136 бет., сурет.

ISBN 9965-807-40-X

Жалпы өнерсүйер қауым мен оқырмандарға ұсынылып отырған Мұқаш Таңғытулының «Жайсаң» атты жинағына авторлық күйлері мен әндері енгізілген. Алғаш жарық көріп отырған автордың бұл кітабына он тоғыз күй мен бірнеше әндері еніп отыр.

Кітаптың ерекшелігі сол, Шығыстың шертпіе дәстүрі мен орындалатын шертпіе күйлердің қамтылуында. Бұл күйлер сарын жағынан Жетісу, Арқа, Қаратай шерппелерінен парықталып тұрады.

Кітап күй зерттеушілерге, кәсіби домбыра үйренушілерге, қазақтың күй өнерін жаңымен сүйеттің қалың қауымға және де күйшілік өнерге талпынған жас шәкірттерге арналған. Бұл еңбектің қазақтың күйшілік алтын қорының баюына өз септігін тигізері хақ. Кітапты оқулық ретінде де пайдалануға болады.

Б 4705000000
00(05)-09

УДК 78
ББК 85.92

ISBN 9965-807-40-X

© М. Таңғытулы
© “Алатау” баспасы, 2009

Осы “Жайсан” аттың авторлық күй кітабының қазақтың қасиетті ұлттық енерінің жанашыры Алматы облысының әкімі, Құрметті Серік Әбікенұлы Ұмбетов тағрзаның құрметтіне ариайлай.

Мұкаш Танғытұлы.

ЖАЛПЫ МУЗЫКАЛЫҚ РЕДАКЦИЯСЫН ҚАРАҒАН

Базаралы Мұлтекеев

КҮЙЛЕРДІ НОТАФА ТҮСІРГЕНДЕР:

Жанғали Жұзбаев, Базаралы Мұлтекеев, Мұрат Эбугазы, Ардаби Мәүлетұлы.

ӘНДЕРДІ НОТАФА ТҮСІРГЕН:

Базаралы Мұлтекеев.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Ұәлихан Қалижанов, Қазақстан Республикасының қайраткері,
Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты

Шәміл Эбілтаев, Қазақстан Республикасының қайраткері, күйші, толғаушы

Жанғали Жұзбаев, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері,
Қазақ ұлттық музыка Академиясы домбыра кафедрасының аға оқытушысы

Базаралы Мұлтекеев, Халық музыкасын зерттеуші,
Қазақ радиосының “Алтын қор” қызыметкери.

Мұрат Эбугазы, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері,
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының аға оқытушысы.

Иманғазы Нұрақыметұлы, филология ғылымының кандидаты,
Евразия ұлттық университетінің доценті, ақын, өнертанушы.

Қайыргазы Төлен, халық музыкасын зерттеуші,
Қазақстан Республикасы мәдениет және ақпарат министрлігі мәдени сая-
сат және өнертану институтының мәдениет және өнертану бөлімінің
менгерушісі.

САНЛАҚ КҮЙШІ СЫРШЫЛ КҮЙ

2009 жылдың 19 мамырында Астана қаласында күйші-композитор Мұқаш Таңғытұлының «Алтайдың ар жағынан келген шертпе күйлер» атты авторлық күй кешін өткізіп беріп едім. Менің ойымша, шетелден келген қандас бауырларымыздың қазақтың өнері мен ғылымына берері көп. Тек қана оларды қолдау және талант көзін аша білуіміз керек. Менің Мұқаштың күй кешін өткізіп берудегі мақсатым - оның қолындағы өнерді бағалап, өнерпаздың жолын ашу еді.

Мұқаш Қытай қазақтарының күйлерін шебер орындайтын санлақ күйші, сонымен қатар өзі де жанынан күй шығаратын композитор. Мұқаш тартқан күйлер сыршыл да ойшыл, халықтық сарыны бұзылмаған ескі мұралар. Ал Мұқаш күйлері Шығыс қазақтарының тылсым әуендерінен нәр алған хрустaldай таза өнер туындылары. Мұқаш күйлерін құлақпен емес, жүрекпен тындау керек.

Мен автордың баспадан шыққалы жатқан «Жайсан» атты күй жинағына ақ жол тілеймін. Оқырманы көп болып, жүргіттың жүргегіне жететіне сенемін.

*Ф.д, профессор,
Қазақстан Республикасы Парламенті
Мажілісінің депутаты*

Уалихан Қалижан.



010000, Астана, Ақорда
2009 жылғы "14" мамыр
№ М-5840

"—" 200__ года

Алматы облысы,
Еңбекшіқазақ ауданы,
Есік қаласы,
Әбдиев көшесі, 136-үй
М.Таңғыштыұлына

ҚҰРМЕТТІ МҰҚАШ ТАҢЫТҰЛЫ!

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевқа деген ерекше құрметтізді білдіріп, күй кешінізге шақырғаныңыз үшін Сізге көптен-көп рахмет! Нұрсұлтан Әбішұлы хатынызben таңысып, үлкен ізетінің бен арнайы күй шығарған ықылас-ниетінізге шын көнілден шыққан алғысын және ізгі тілектерін жеткізуі тапсырды.

Тұған елге оралып, жемісті шығармашылық қызметпен айналысып жатқаныңызға өте қуаныштымыз. Өнерінің өрлей берсін! Шертпе күйлерге арналған кешініз табысты өтсін! «Ел-тұтқа» күйінің де өнерсүйер қауымның талғамынан табылып, ғұмырының ұзақ болуына тілекtesпіз. Зор денсаулық, отбасынызға амандық пен береке-бақыт, шығармашылық қызметте мол табыстар тілейміз.

М. Қасымбеков.



010000, Астана, Парламент Мәжілісі
2009 жылғы "28" қантар
№ 6-9 / Т-196

010000, Астана, Мажилис Парламента
" " 200__ года
№ _____

Қазақстан Республикасы Мәдениет
және ақпарат министрі
М.А. Құл-Мұхаммед мырзага
көшірмесі: Алматы облысы,
Есік қаласы,
Әбдиев көшесі, № 136 үй
Мұқаш Таңғытұлына

ҚАДІРЛІ МҰХТАР АБРАРҰЛЫ!

Қазақтың көне күй өнерінің насиҳатшысы болып жүрген Қытай Халық Республикасынан келген қандасымыз Мұқаш Таңғытұлының есімі қазір республикаға танымал. Ол шертпе күйлердің шебері ғана емес, өзі де дәүлескер күйші, композитор. Иле мен Алтайдың арғы бетінде қалған қандастарымыздың арасында көп өнерпаздар өмір сурген. Олардың қазақтың күй өнері тарихында алатын ерекше орны бар. Эрі оны үлкен мәдени мұра деп білеміз. Сондықтан да Мұқаш Таңғытұлының Астанада, Президенттің Мәдени орталығында «Алтайдың ар жағынан келген шертпе күйлер» атты кешін үйымдастыру қажет деген ойға келіп, министрлік тарапынан қолдау күтеміз.

Қытайда қалған шертпе күй өз халқымен қауышса, нұр үстіне нұр болар еді деп ойлаймыз.

Осы кешті үйымдастыруды Сізден өтіне сұраймыз. Кешті жүргізуғе У.Қалижанов дайын.

Құрметпен,

У. Қалижанов,
А. Смайыл,
Б. Тілеухан,
Ж. Схлейменов.

КҮЙШІ ЖӘНЕ АТАМЕКЕНГЕ ЖЕТКЕН АЛТЫН КҮЙ

(АЛҒЫ СӨЗ)

**Жанғали Жұзбай, күйши, КР мәдениет
қайраткері, Қазақ ұлттық музыка
академиясы домбыра кафедрасының
ага оқытушысы**

Мұқым түріктің атамекені – Алтайдың күйшілігі осы күнгі дәстүрлі аймақтық деп айдарлап жүрген барша күйшілік мектептің бастау-бұлағы екені ақиҳи шындық, тек күй ғана емес, әлі күнгедейін басқа да тарихи-даму мәдениетіміздің ата шежіресі тап сол топырақта көмүлі жатыр. Қазіргі қазақ музыкасы арғы сарынын Алтайдан іздейді, домбыра өнері де әлдеқалай шертісінен жаңыла бастаса (ондай кезеңдері болғанын жасырып қайтпекпіз?) Алтай жаққа қарап құлақ күйін туゼп отырады.

Күй атасы – Қорқыт, күйшінің пірі – Кетбұғы. Осылардың аруағы қолдаған жанға күй қонады. Қазақта не күйші өтпеді, Абылайды күймен жұбатқан – Байжігіт батыр, қазақ пен қалмақта күйшіліктің жолын салған – Қызыл мойын Куандықabyз, күйімен Сарыарқаның ұранын жырлаған – Тәттімбет сері, дау туйінін күймен шешкен – Бейсенбі би, бір күйі бір қаралық болған – Тоқа шешен, күйімен жылқыны жылатып, туйені иіткен Сүтір әулие...

Әр заманның өз серісі болады. Ұлылардан қалған күйдің көшін жалғастырған. Әбікен, Мағауия, Төлеген, Генерал, Уәли, Тайыр сияқты қазақтың дарындары шертпе күйдің небір жаунарын келешек үрпағына қалдырып кетті. Осылардың көзін көріп батасын алған қазіргі күйшілеріміз де көсем шертіспен топ жарып жур, сондай тауталант азаматтарымыздың бірегейі – Таңғыштың Мұқашы.

Мұқаштың күйі ерен әрі табиғи, ол дала консерваториясының түлегі, солай бола тұра қазіргі нотамен қаруланған біз сықылды жігіттерге есе бермейді, күйдің ішіне түсіп тартуды менгерген, оның үстіне жүргегіне қонақтаған сезімін жырлай алатын қоңыр сазгерлігі тағы бар. Мұқаштың шертпесінде өзінің алдындағы ағалары – Мағауия, Уәли, Төлегендерде ғана кездесетін ақылмен алып болмайтын сүңғыла сыршылдық бар. Ал орындаушылық шеберлігі өзгеге еліктеуден мұлде ада, күйшілік-сазгерлік өнері осы замандық әуез бола тұра мәнері жағынан өзінің Иле-Тарбағатайлық топырағына тартады да тұрады.

Мұқаштың күйлерін алғаш 2006 жылы тыңдадым. Ол Алматыдағы «Күй керуен-Көктебе» фестиваліне шақырылған еді. Дарынды күйші Шығыс Қазақстандық шертпенің төлтума дауысымен тыңдаушыларды таң-тамаша қалдырды. Кейіннен аты елге тез арада танылып кеткен Мұқаш өз күйлерімен де көпшіліктің сүйікті домбырашысына айналды. Оның күйлері көркемдік дәрежесінің биік деңгейлі болуына байланысты домбыраның кәсіби оқытылу бағдарламасына бірден енді, ірілі-ұсақты конкурстар мен байқауларда Мұқаш күйлері ерекше жарқылмен

тартыла бастады. Кейбір күйлерінің ноталық нұсқасын жазу бейнеті маған бүйірылды, «Шалқыма күйін» сахнада орындалап та журдім, осылайша арамызда шығармашылық байланыс орнады. Бұрын Арқа мен Қарататудың күйлерін біршама тартып жүргенмен Алтай күйшілігіне келгенде шынын айту керек, үнім шықпай қалушы еді. Осы орайда Шығыстың әсемқоңыр шертпелерінің сырын тусінуіме Мұқаштың тікелей себепкер болғанын дипломы бар домбырашы болсам да айтудан арланбаймын.

Әрине, Алтай-Тарбағатай өнірінің күйлері Кенес тұсында тартылмады деп айта алмаймыз. Бағаналы Саятөлеқов, Уәли Бекенов, Жарқын Шәкәрім, Фабылхақ Барлықов, Таласбек Әсемқұлов, Секен Тұрысбеков сияқты арқалы да арынды күйшілеріміз небір күйлерді салтанатымен шертіп ел иғлігіне айналдырды. Алайда тұтас мектептің – Ұлық мектептің мүлкін түтендеу ісінің сәті ел егемендігін алғаннан кейін ғана қолға алынды. Дарынды күйші Төлеген Момбековтің шәкірті – профессор Біләл Ысқақов «Шыңжан қазактарының рухани мәдениет үлгілері» сериясымен «Алтай-Тарбағатай өнірінің домбыра күйлері» атты екі томдық кітапты биыл ғана жарыққа шығарды. Бұл кітап осының алдындағы Уәли ағамыздың «Шертпе күй шеберлері», «Күй табиғаты» атты еңбектерінің абыройлы жалғасы болды. Шекараның арғы жағынан дыбысы атажүртқа әупіріммен естілген Әшім, Тайыр, Дәulet, Кәсімбай, Камал сынды күй тарландарының тарту мектебі елге Мұқаштайын саңлақтың саусағы арқылы жеткені де сүйіндіреді. Мұқаш Астананың төрінде жеке концертін өткізді. Күйсүйер қауым мен мәдениеттану саласында еңбек етіп жүрген отандық ғалымдарымыз алдында өнерімен өз бағасын алды, халықтың танымал күйшісі атанды.

Қазіргі кезде күйдің насиҳаты «Мәңгілік сарын», «Күй-керуен», «Астана арқауы» сияқты ауқымды жобалардың іске асып жатқанына, сонымен қатар республикальық радио-телеарнадан берілетін концерттердің молдығына қарамастан көнілді көншітпейді. Күйшілердің шығармашылығымен тұрмыс жағдайы тәмен, концерттік қайраткерлікке сұраныс жоқ филармонияларда бүрінғыдай дәстүрлі күйшілерді жұмысқа алу зәру мәселе болып табылмайды. Бір өзі бір күйшілік мектептің жүтін арқалаған Мұқаш Таңғытулы сияқты дарынға елім деп келгенде, өнерін қаузайтындағы салада жұмыс таба алмауы қазаққа сын болатын салғырттық-ау...

Мұқаштың күйлері қазақы қосбасарлардың аңысымен аяңдайды, сөйтсе де бұрын-соңды қолданыста болмаған техникалық ерекшеліктері еріксіз назар аудартады, композициялық құрылымы да ұтымды, қай күйі болмасын тыңдаушының қулағынан кетпей тұрып алады. Осыған қарағанда Мұқаш туындыларының болашағы алысқа баратынын барлау қыын емес. Домбырадағы кәсіби техникалық мүмкіндіктерді жетілдіру барысындағы Мұқаштың қолданып жүрген тәсілдері, саусақты басар әдіс пен қағыс амалдары орындаушылықтың жаңалықтары екені даусыз. Төкпе күйдегі қағыстар мен шертпедегі ішекті саумалдай ызы әдістері Мұқаштың домбыра аспабына қосқан еншісі екенін осы күні күйтаптанушы қауым тител мойындал отыр.

Күйшілердің арасында өзінің дархан мінезімен сыйлы болған Мұқаш алдынғы буын – Қаршыға, Мұхаметжан, Дәuletбек, Пазыл, Шәміл сияқты күйші ағаларына ізетті іні, Сәрсенғали, Саян, Мұрат, Ардаби, Нұрғаным, Ақжусан сияқты жас

дарындарға арқа сүйер аға бола білді, ал менімен туыс-бауырдай араласып кетті. Күйшілік өнер жарықтықтың кейде салыстырмалы қасиеті болады, осындайда өз домбырашылығымның осал еместігі елге аян екенін міселей отырып Мұқаштың репертуарындағы күйлерді де шертетінім бар. Шынын айту парыз, шендесе алмай жүргенімді мойындауға мәжбүрмін.

Аузы дуалы Ақселеу ағамыз «Қазақтың күй әуені Алтайда туған, тубі Алтайлық мақамына қайта оралады» деп отыруши еді. Сөздің төркін-түбірі талдауды керек-сінбейді, түркілік саздың мәңгі тұғырлы болатынын және оның уақытқа бағын-байтынын түспалдағаны фой. Сөз арасында өз әуезінен өзі жеріп, отаршылдардың мәдениетін артық көрген көр заманға айтқан нәлеті де бар. Тәнірдің несібі мол, осы күні Алтайдың күйі мен әні қазақтың даласын думанға бөлеп тұр, осыны көтеріп алатын үрпақ иықты болсын деп тілеңіз. Мұқаш қазіргі уақытта күй парасатын сақтап жүрген сирек жігіттердің бірі, оның күйлері егеменді жүрттың ерлігін жырлайды, оның кеудесінде атажұртына деген біттіейтін махаббат бар. Мұқаштың күйі тас жүректі де шеменнен тазарта алатын құдіретке ие, бұл артық-ауыс айтылған әңгіме емес.

ШЕЖИРЕЛІ ШЕРТПЕ КҮЙ ЖӘНЕ КҮЙШІ

Шәміл Эбілтаев,

*Қазақстаниң еңбек сінірген
қайраткері, күйші-композитор,
толғаушы*

Кезінде тағдыр тауқыметімен шет ел асқан қазақ қандастарымыз үлтимымыздың ұлы тәуелсіздігінің арқасында атамекенге ат басын бұрып, тұғырлы туған жерге оралып жатыр. Елге оралған қандастарымыз құр алақан келіп жатқан жоқ. Олар өздерімен бірге қашама құнды жәдігерлер мен асыл қазыналар ала келді. Мен солардың бірі деп Мұқаш Таңғытұлын айттар едім. Мұқаш атамекеніне өзі туған Алтын Алтай, Тарбағатай, Іле өнірлерінің аса құнды күй қазынасын ала келді.

Еуропаның даңғаза музыкасы жақынды жайлап, өз уытын кең жайып, үрпақ санасын улап, дағдылы, дәстүрлі халықтық өнеріміздің даңғыл жолынан аздыруға шақ қалдырып тұрган бүтінгі күнде үлттық құндылығымызды сақтап, күйшілік өнердің ыстығына күйіп, сұрына тонып, атадан қалған қасиетті күй өнерінің қаймағын қалыңдатуға тер төгіп жүрген азаматтар саусақпен санарлық. Солардың бірі - күйші Мұқаш Таңғытұлы. Оған дәлел, қолдарыңыздағы күйшінің өзі шығарған күйлерінің топтамасы осы «Жайсан» атты күй кітабы. Бұл кітапқа күйшінің өзі шығарған күйлері мен әндері енгізілген.

Сөзді басынан бастар болсам, мен Мұқаш жайлы ең алғаш Қытай радиосы және Германиядан тарқатылатын «Азаттық» радиосынан естіп, шерткен күйлерін тыңдаушы едім. Бұл күнде көзбен көріп, көзайым болдым. Алтын Алтай, Тарбағатай, Іле өнірлерінің дәні мені дәмі бөлек, тұлғалы, тұғырлы күйлерінің тұнығын лай-ламай, тұмадан шыққан қалпымен қапысыз тартатын Мұқаш екеніне өз басым сенімдімін.

Еліміз тәуелсіздік алған соң 20 ғасырдың 90 жылдарынан бері қарай шетелде-гі қандастарымыздан біраз күйшілер елімізге келді. Олар үлттығымызды танытатын күйлер де ала келді. Қебін тыңдадым, біреуі үзіп шертті, біреуі бұзып шертті. Ал Мұқаш маржандай тізіп шертті. Менің риза болатыным, Мұқаш сол қоңыр күйлерді жүргімен, өзінің қоңырқай мінезімен қоңырлата тартады. Міне, бұл күй мен күйші мінезінің үйлесім табуы. Мұқаш алып келген шертпе күйлер ғасырлық шежіреден сыр шертеді. Ол күйлерде сол дәуірдің тұтас бітім-болмысы бейнеленген атамекен-нен алыста жүрген ағайынның елге, жерге деген сағынышы өрнектелген. Осын-дай күйлерді қалпымен нарқын сақтап, елге жеткізген Мұқаш Таңғытұлына айттар алғысымыз аз емес.

Мұқаш күй зерттеуші, шебер орындаушы бола жүріп, өз жанынан көптеген күйлер мен әндер шығарған композитор. Мұқаш шығарған күйлер мен әндер сол өзі туып-өскен ортаның қоңыр сарынынан алыстап кетпейді. Десек те Мұқаш күйлерінің өзіне тән бөлекше иірімдері мен құрылымдары, қағыстары басқадан да-ралап тұрады. Оған дәлел, күйшінің «Мұқаштың шалқымасы», «Жайсан», «Ел-тұтқа» күйлері. Мұқаш өз күйлерін даланың дарқандығын, тұлпардың тарпандығын, қазақтың елдігін, батырларының ерлігін, қазақ даласының кеңдігін арқау етсем деп талпынады. Міне, бұл нағыз ізденіс талпыныс. Талпынған жетер мұратқа дей-ді халық. Мұқаш үшін талпынып тауға, құлшынып құзға шығар өнер сапарының жолы әлі алыс. Алыс жолда арманың арғымағын арықтатпау күйшіге сын.

Менің пайымдауымша, Мұқаш жат топырақта жасаған өткен ғасырдағы күйшілердің күйлерін халыққа насихаттаумен қатар өзінің шығармашылық жо-лын тең үстанып келеді. Өнер сапарындағы осы екі сара жол - тұлпардың қос тіз-гіні сияқты. Біреуі сәл босаса, тұлпар жүрісінен жаңылады. Міне, бұл өнер жолында жүрген өнер адамының адымды андал басатын тұстары. Бұл менің өнер адамы

ретінде бір Мұқашқа ғана емес, өнерде соңымыздан ілесіп келе жатқан барлық бауыр-қарындастарға айтар ағалық ақылым.

Елге келгелі аз жылдар болғанына қарамастан Мұқаш өнер адамдарымен арасаса, сыйласа білді. Өзінің қүйшілік өнерін Қазақстан халқына кеңінен насиҳаттай алды. Ол бұл кунде танымал қүйшіге айналды. Қүйшілік атағы Жетісұға, Арқаға, Атырау мен Маңғыстауға, Есіл, Тобыл, Нарынға дейін жетті. Қүйлері бағдарламалы оқыту құралдарына енді. Шәкірттері көбейді. Алды Мұқаш қүйлерін орындалап, Республикалық конкурстарда жүлделі болды. Мен мұны біріншіден қүйшінің дарындылығы десем, екіншіден, енбекқорлығы дер едім. Мұқаш Қазақстандағы танымал қүйшілермен бірге бірнеше рет Республикалық фестивалдарға қатынасып, қүй тартып, халықтың үлкен аңысын қозғады. Мұқашты тек халқы ғана қолдан қоймай үлтжанды, өз үлтynың өнерін сүйегін, елдің үлкен басшы адамдары да оған көп қолдау көрсетті.

ҚР Парламент Мәжілісінің депутаттары Уәлихан Қалижан, Бекболат Тілеухан, Алдан Смайыл, ЖСүлеймен қатарлы халық қалаулылары қол қойып, Астана Президент мәдениет орталығында Мұқаштың қүй кешін өткізуі ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Мұхтар Құл-Мұхаммед мырзаға етініш жолдады. Министрдің бекімімен 2009 жылдың 19-шы мамырында Астанада Президент Мәдениет оргалығында Мұқаштың «Алтайдың ар жағынан келген шертпе қүйлер» атты қүй кеші өтті. Кешке Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев алғыс хат жазып, қүйшіге үлкен қолдау көрсетті. 2009-шы жылы 9-шы қыркүйек күні Алматы облыстық Мәдениет басқармасы мен Алматы облысы бойынша Қөші-қон департаменті бірлесіп, Алматы облысы, Талдықорған қаласы Ілияс Жансугіров атындағы мәдениет сарайында Мұқаштың «Шығыстың шыңырау қүйлері» атты қүй кешін өткізіп берді. Кешті Алматы облыстық Мәдениет басқармасының бастығы Елеусіз Жанпейісов мырза басқарды.

Алматы облысының әкімі, үлттық өнеріміздің жанашыры Серік Үмбетов мырза арнайы қаржы бөліп «Жайсан» атты Мұқаштың осы қүй кітабының баспадан шығуна демеушілік етіп отыр.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі және Дүниежүзі қазақтары қауымдастыры бірлесіп арнайы қаржы бөліп, 2009-шы жылы желтоқсан айында «Қытайдың қазақтардың шертпе қүйлері» атты Мұқаштың қуитабағын шығарды. Қуитабақтың алғысөзін Дүниежүзі қазақтары қауымдастыры төралқа төрағасының бірінші орынбасары құрметті Талғат Мамашев мырза жазды. Бұл қуитабақ 2010-жылы ашылатын Дүниежүзі қазақтарының 4-ші құрылтайы қарсаңында арнайы шығарылып, құрылтайға келген барлық мәртебелі меймандарға сәлемдеме ретінде ұсынылатын болды.

2009-шы жылы 25-ші желтоқсанда Астана қаласында қазақтың біртуар ақын қызы Фариза Онғарсынованың 70 жасқа толған мерейтойы өтті. Осы мерейтойға Мұқаш Таңғытулы Алматыдан арнайы шақырылып, сол мерейтойда мәртебелі меймандар алдында қүй тартты. Бұл қүйшінің қазақтың ақын қызына деген үлкен құрметі еді.

Күйшінің қүйлерін отандық телеарналар мен «Қазақ радиосы», «Шалқар радиосы» қатарлы орындар үзбей насиҳаттап келеді. Сондай-ақ «Ел» продюссерлік оргалығының басшысы Фалым Доссенов мырзаның қолдауымен Мұқаштың қүйлері «Мәңгілік сарын», «Қазақтың мың қүйі» қатарлы Республикалық қүй топтамаларына енді.

Мен жоғарыда көрсетілген қолдауларды тек Мұқашқа жасалған игілік деп қарамаймын. Мұны қазақтың қасиетті қүйшілік өнеріне жасалған үлкен қолдау, демеу, құрмет деп білемін. Сондықтан мен де өнер адамы ретінде елбасымыз-бен өнерді қолдан қуаттаған, жоғарыда аттары аталған барлық мемлекет қайраткерлеріне шын көnlімнен шыққан алғысымды айтқым келеді.

Мұқаш Таңғытулының «Жайсан» атты осы қүй кітабы қазақтың қүй дариясына қосылған мәлдір булақ болып, үрпак игілігіне жарасын.

СЫРЛЫ КУЙШИ, СЫРБАЗ КУЙ

*Имамгазы Нұрахметұлы,
филология гылымдарының кандидаты,
Евразия ұлттық университетінің
доценті, ақын, өнертанушы.*

Қытай еліндегі Алтай, Тарбағатай, Іле күйшілік мектебінің көрнекті өкілі Мұқаш Таңғытулының «Жайсан» атты күй жинағына автордың әр жылдары шығарған күйлері мен әндері топтастырылған екен. Бұл күйлердің авторы шетте туып-өсken азamat болғандықтан жинаққа кірген күйлердің де, автордың өзін де жүрт тегіс біле бермейді. Оның үстіне Мұқаш күйлерінің қазіргі заман күйлеріне үқсай бермейтін өзіндік ерекшеліктері де жетерлік. Бұл мәселені түсіндіру үшін аздал шеғініс жасауға тұра келеді.

Қазақ өнерінің киелі де қордалы жанры – күй. Қазақ тарихын, оның мәдениетін күйсіз елестету мүмкін емес. Қазақ күйлерінің таралу аумағы да аса кең. Қазақ жерінің әр шөбі, әр ағашы күй тартып тұрады. Соған орай әр өңірдің күй сарыны да үқсай бермейді. Күй тартудың техникасы да біркелкі емес. Күйшілікті зерттеген ғалымдар қазақтың күйшілік дәстүрін Батыс күйшілік мектебі, Арқа күйшілік мектебі, Қаратай күйшілік мектебі, Жетісу күйшілік мектебі, Шығыс Қазақстан – Алтай-Тарбағатай күйшілік мектебі деп жіктеп жүр. Бұлай жіктеуде күй табиғатындағы және күйшілік дәстүрдегі мәнді қасиеттерді негізге алған. Қытай қазақтарының күйшілік дәстүрі өз ішінен Алтай күйлері, Тарбағатай күйлері, Іле күйлері деп бөлініп жүр. Бұл да шартты бөлініс. Дегенмен аталған өнірлердің күйінде бір-біріне үқсай бермейтін даралықтың бар екені де рас. Әр өңірдің күйінің өзіндік сарыны болуы, әр күйшінің өзіндік қолтаңбасы болуы – қазақ музыкасының бақыты. Дегенмен, күйдің осы қасиеті қазір әлсіреген, күйші композиторлардың да жеке қолтаңбасы өшкіндел, бір сарындылық күштейген. Оның да өзіндік себебі бар.

ХХ ғасырда қазақ күйлері елеулі өзгеріске үшінады. Ол өзгерістерді алғашында сол кездің аса көрнекті күйшілері өз қолтаңбасы ретінде енгізді. Домбыра тартудың техникасы туралы талғам өзгерді. Күй үйретудің жолы, әдісі өзгерді. Күйді тез тарту күйшінің шеберлігі болып саналды. Алайда екінің бірі күйді тез тартып жеткізе алмайтыны түсінікті, қолы жылдам санауды талантты күйшілерге көзсіз еліктеген жастар мағынасыз салдырға бой алдырды. Күйді нотамен үйрету етек алды. Бұл домбыраның жалпыласуына, күйдің хатқа тусуіне онды ықпал еткенмен, нағыз күйшілердің бағын байлады. Бұл үрдіс Қазақстанда ғана емес, шет елдегі қазақтарда да бір мезет жетекші орынға шықты. Соның салдарынан күйшілік дәстүр бұзылып, дәстүрлі күйшілік өнер әлсіреп кетті. Күй тартуда жаңашылдық – шапшаң тарту, қатты бұрап, шынғырта тарту, тек қана тәкпе күйді тарту секілді сыңар жақты үрдіс күш алды. Бұл үрдістің Қытайдағы қазақ күйшілері ортасында да ықпалы өте зор болды. Сол себепті Қытайдағы қазақтардың 20-ыншы ғасырдың 50-інші жылдардан кейінгі дәстүрлі орындаушылары Тайыр Белгібайұлы, Кәсімбай Құсайынұлы, Әліпбек Мәлікұлы, Мұтәліп Әлімханұлы, Бақытқан Тағайұлы секілді дәстүрлі күйшілер бір мезгіл дәріптелмей қалды. Ақырында күйдің табиғаты да өзгеріске үшінап, өзінің төлтума ұлттық бояуынан айрылды. Күй шығаруда да дәстүршілдік әлсіреп, әуенсіз, сарынсыз күйлер көбейіп кеткен.

Дегенмен жаңаша тартыс халыққа сіңе қоймады. Жаңадан шыққан үлттық бояуы солғын күйлер авторынан бұрын дүние салып жатты. Жүрт баяғы шалдардың қоңыр тартысын сағына бастады. Сол сағыныш дәстүрлі тартысты менгерген күйшілердің шығуна жол ашты.

Мұқаш Таңғытулы осындай үлттық рухани сұраныстың күшейген түсінда – сексенінші жылдары қолына домбыра алды. Ол дәстүрлі күйшілік өнерді қапысыз менгерді. Табиғаттың санап бергенін кесек қылып беретіні бар емес пе, Мұқаш біреу болса да бірегей күйші. Ол күйді еркін, қазақы қалыптен тартып, өзіндік дара бетін көрсетті. Домбыраның сауатын әкесі Таңғыт ақсақалдың өзінен ашқан Мұқаш кейін Тайыр Белгібайұлы мен Кәсімбай Құсайынұлының батасын алады. Кәсімбай Құсайынұлы мен Жұмажан Сыдықұлы деген атақты күйшілерге шәкірт болады. Күй сирена терең бойлайды. Сөйтіп, күйшіліктің қазақы мектебінен түлеп үшқан Мұқаштың тартысы ерекше болмысымен жүрт ықыласын аударған еді.

Бұл күнде Мұқаш өзіндік күй тарту мәнері бар, орныққан күйші. Оның орындаушы ретіндегі ерекшелігі – өзі тартатын күйлерін жетік менгергендігі және таза тартатындығы. Сонымен бірге орындаушылықтың ішкі сырты мен сыртқы шеберлігін үштастыра білген дәстүршілдігі еді. Мұқаш күй тартқаңда сабырлы, салмақты қымылмен дәстүрдің мәйегін де, өзінің қолтаңбасын да, күйдің ружын да тындаушыға қапысыз жеткізеді.

Мұқаш қазір көбінше Қайрақбай, Бейсенбі, Шақабай Шалап, Мүкей Бейісбай, Қожеке, Эшім күйлерін тартып жур. Ал оның репертуары аса бай, оның қолына жоғарыда аталған ірі күйшілердің әуені үялаған.

Жастайынан өнер жолын қуған күйші кемеліне келіп толысқан шағында өнертанумен шүғылданды. Ескі күйшілердің өмірін зерттеп, «Шығыстың шырын шертпелері» атты еңбек жазды. Ол еңбегінде ХVIII ғасырдың соны мен XX ғасырдың басы аралығында өткен 20-дан астам күйшінің өмірін зерттеп, өнер жолын таныстыруды. Олардың орындаушылық ерекшелігіне тоқталды. Мұқаштың бұл еңбегі деректік мәліметімен де, зерттеу әдісінің жаңалығымен де құнды. Олай дейтініміз, күй туралы жазатындар көп болғанымен, күй туралы жазатын күйші аз. Өзі күй тартпайтын адам сырттай көргенін, сезгенін ғана айтады. Ал Мұқаш күйдің ішіне кіріп, өзегін аршип, өзі талдаған күйдің бар құтиясын ақтарып барып, бірак тынады. Мұның бәрін айтып отырғанымыз орындаушылық шеберлік пен зерттеу-шілік Мұқаштың композитор ретіндегі өрісін кеңітіп, өресін биіктеткен ең негізгі екі тұғыр еді.

Мұқаш күйші ғана емес, сазгер. Ол өз күйлері мен халық күйшілерінің күйлерін топтастырып «Жайсан», «Шыңырау» атты күй таспаларын шығарды. Бұл дыбыс таспалары Шыңжандағы әр қазақтың төрінде тұратын қасиетті мұлкіне айналды.

Сазгер ретінде Мұқаш 20-ға жуық күй, 50-ден аса ән шығарған екен. Бұл әндері мен күйлері Шыңжандағы қазақтар арасына кең таралған. Өз ортасында жүрттың жүргіне жол тапқан әуендер еді. Алайда, Қазақстандағы өнерсүйер қауымға жетпей жатыр. Дегенмен, мәселенің бәрі үтіттеуде, қолдауда түрган жок, халық қашанда таланттарды тани біледі, өзіне керекті құндылықтарды өзі таңдалап алады. Мұқашты да жүрт тани бастады. Мұқаштың шеттеген келгеніне, елге таныс емес екеніне қарамай күйлері Қазақстанда ел арасына тез таралып барады. Қазір Алматыдағы өнерлі жастар Мұқаштың «Көгалда» атты күйін және ол орындаған Қайрақбай күйлерін жиі тартағады. Астанадағы Музыка Академиясының окушылары да Мұқаш күйлерін үнатып орындалған жур. Алайда күйшінің күйлері жеке кітап болып шықпагандықтан жастардың бәрінің қолы жете бермейді. «Жайсан» осы олқылықтың орнын толтыратын субелі еңбек. Кітапқа Мұқаштың өзі шығарған 20-ға жуық күйі және алтыжеті әні кіріп отыр.

Бұл күйлер мен әндердің өз орындаушысын тауып, жүрттың игілігіне жарайтынына күмәніміз жоқ. Алла бүйірса, күйдің де күйшінің де бағасын халық бере жатар.

Біз білетін шындық – бұл күйлерден Мұқаштың сазгер ретіндегі дара болмысы, ешкім қайталай алмайтын қолтаңбасы танылады. Мұқаштың күйлері тың сарынды, әуезді болып келеді. Бастаң- ақыр аңқылдан отыратын жағымды әуен өзіне лайық құрылыммен тамаша сәйкестік тауып отырады. Күйлерінің әуені ғана емес техникасы да өзгеше. Күйлерінде аса шеберлікті қажет ететін, екінің бірінің илеуіне көнбейтін құланның тарпандығы мен даланың дарқандығы бар.

Мұқаш Таңғытулы Тарбағатай, Алтай, Іле өңіріндегі күйшілік мектебінен түлеп үшқан шертпіе күй дәстүрін жетік менгерген талантты күйші. Содан да болар Мұқаш күйлерінде суреткерлік пен кең тыныстырылғы, философиялық иірім-толғамдар мен сұлу сыршыл сарындар үндестік тауып отырады.

«Жайсан» ақ жолтай болсын, күйшіге абырой, халыққа ләzzат сыйласын!

ӨМІР-БАЯНЫМ МЕН ӨНЕР ЖОЛЫМ

(Кіріспе автордан)

Мен 1962-інші жылы 15-інші желтоқсанда Қытай Халық Республикасы Тарбағатай аймағы, Толы ауданы, Майлы тауының шығысындағы ата-қоныс қыстауымыз «Жайылған» деп аталатын жерде дүниеге келдім.

Қазақтың ата-бұтар шежірелік жолымен айтқанда руымыз Абақ Керейдің ішіндегі Жантекей руының Жайлау атасынан тараиды. Жайлаудан Секербай туады. Одан Сасан, одан Тәттіқадам, Тәттіқадамнан Иманбек, Иманбектен Мұқат туады. Мұқаттан Таңғыт және қыздары Ұлжақан, Тәугік атты үш бала болған. Біз әкеміз Таңғыттан жетеуміз. Үлдан Зейнолла (Зайін), Байдолла, Мұқаш (шын атым Мұқамедхан), Зәйіннен Жұмаш болса, қыздан Гүлгасыл, Гүлишадат, Гүлсағат, Нұрсағат болады.

Шешем Нұрхия Жұмажанқызы. Руы Абақ Керей ішінде Жантекей руының Барқы атасынан тараиды. Ескіше сауатын ашқан молла болған.

Біз ауқатты шаңырақта туып-өскендіктен бәріміз де оқыдық. Өмірден өз еншімізді алып, әзір әр қырырда өзімізге тиесілі жұмыстармен шұғылданып журміз.

Мен бастауыш, орта мектепті бітірген соң институтқа емтихан тапсырып Қаржы институтының банкі бухгалтериясы факультетіне оқуға түстім. Институтты үздік тәмамдап, 1985-інші жылдан бастап Шәуешек қаласында, кейін Толы ауданында банкіде істедім. 1989-ының жылы 28-інші тамызда жұбайым Нұрлаш Тоғасқызымен некелендім. 1994-ының жылы 21-ынышы қаңтарда қызым Гүлшырай дүниеге келді. Кейін Қазақстанға қоныс аудару мақсатымен 2000-ының жылы науырыз айында өз еркіммен жұмыстан қол үздім. 2001-інші жылдың қараша айында тұнғыш рет Қазақстанға келдім. 2003-інші жылы қараша айында отбасымды көшіріп келіп, Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Есік қаласынан үй алып, сол жерге қоныстандым. Кейін отбасымды Алматыға көшірдім. Қазір Алматы қаласында тұрып жатырмын.

Біз бір үйдегі жеті бала, бәрімізде өнерге құмар болдық. Оған себеп, әкеміз күйші еді. Үйімізге өнер адамдары жиі келетін. Ортаныш ағам Байдолла нағыз өнердің адамы еді. Бастауыш мектепті оқып жүргеннің өзінде ондаған қисса-дастандар жаттап, улкендерді таң қалдырған екен. Ол өнер қуған дарынды азамат болды. 1980-інші жылдарда қаламгерлік атағы тұтас Қытайдағы қазақтарға машқұр болып, сол кезде әдебиет аспанының жарық жүлдyzдарының бірі атанды. Бірнеше өлең және прозалық кітаптар жазды. Бірақ ғұмыры өте қысқа болды. 2000-ынышы жылы 43 жасында дүниеден озды. Артында жазған отты жырлары, әсем сазды әндері мен прозалық әңгіме кітаптары ғана қалды.

Мен өнерде көбінде сол ағама еліктеп өстім. Домбыраны 8 жастар шамасында әкемнен үйрене бастадым. Әкем күйші болады деп маған улкен сеніммен қарады. Соңдықтан да мені сол тұстағы әйгілі күйші Мұрат Ыбырайұлына шәкірттікке берді. Мен күйлердің біразын сол кісіден үйрендім. Орталу мектеп оқып жүрген кезімде әкем бір күні үйге Жұмажан Сыдықұлы деген қарт күйшіні ертіп келді. Бұл күнде аты аңызға айналған күйші сол кезде жасы жетпістен асқан шағы екен. Ол кісі маған күй шерткізіп тыңдады да әкеме қарап: “мына балан күйші болайын деп түр екен, мен балаға күй үйретейін”, - деді. Осыдан бастап мен Қайрақбай күйлерін, Әсет Найманбайұлы күйлерін, сол тұстағы “халық күйлері” деп шертіліп жүрген

куйлердің біразын сол үлкен күйші Жұмажан Сыдықұлының қолынан үйренген едім.

1976-ыншы жылдың шілде айында Толы ауданының әйгілі “Қоңыробасазы” деген жайлауында Қытайдары қазақтардың тұңғыш жәрменекесі, ақындар айтысы өтті. Ол кезде біздің ауыл сол “Қоңыробасазы” жайлауында жайлайтын едік. Бұл жәрменеке көк жайлауда өткен тұңғыш мереке болатын. Жәрменекеге Қытайдары қазақтардың игі жақсы өнер адамдарының барлығы келді. Мен сол жолы Алтайдан келген ірі күйшілер Боздақ Дағынбетұлын, Тайыр Белгібайұлын, Дәulet Халықұлын, тарбағатайлық Қасымбай Құсайынұлын, Зағыпар Тұғанбайұлын көрдім. Ұстазым Жұмажан Сыдықұлы, барлығы сол тойда киіз үйде бірге жатты. Бір куні әкем домбыраны қолыма ұстатьп, сол кісілер жатқан үйге өртіп барды. Сәлемдесіп отырған соң әкем: “Мынау мениң кенже ұлым еді, сіздердің іздеріңізді қып күйші болам дейді. Рұқсат болса бір күй тартып берсе”, - деді. Бәрі де құптады, мен күй тарттыйм. Отырғандар тағы да-тағы да деп бірнеше күй тарттырды. Күй аяқтаған тұста ақ шашын қайыра тараған ұзын бойлы аққұба кісі шынтақтап жатқан жастығынан басын көтеріп: “Атта арман жоқ артынан ерген құнан болса, азаматта арман жоқ артынан ерген ұлан болса деген, бізде не арман бар мынадай күйші үрпақтарымыз тұрғанда”, - деді де маған қарап: “Жүр, сенің күйінді радиоға жаздырайын”, - деп келесі киіз үйге өртіп барды. Ол үйде Шыңжан радиосынан келген адамдар радиоға ән-күй жазып отыр екен. Мен ол кезде радиоға күй жаздыру дегеннің не екенін білмейтін едім. Ол кісі отырғандарға мен жәйлі айттып, күйімді радиоға жазуды өтінді. Отырғандар мені қайтадан тыңдал көріп, сол жерде менен радиоға үш күй жазып алды. Осылай ұстазым Қәсімбайдың арқасында 1976-ыншы жылы 14 жасымда тұңғыш рет радиоға күй жаздырып, өзім орындаған күйімді радиодан өзім тұңғыш естіп, қатты қуанған едім. Сол бір болмашы уақыға күні бүтінге дейін көкейімде сақтаулы. Мениң өнер сапарым осылай басталды.

Өнер сапарымда әр өнерге талпындым. Домбырадан тыс гитарарада, аккордеонда үйрендім. Ақын болып өлең де жаздым. Қытай баспасында көп өлеңдерім жарияланды. “Ат айналса қазығын табар” дегендей жасым отыздан аскан соң басқаның бәрін қойып, тек қана күйшілік өнердің соңына түстім. 19-20-ыншы ғасырларда Қытай елінде өткен күйшілердің өмір жолы мен өнер жолын зерттедім. Қытай территориясындағы қазақтар қоныстанған Алтай, Тарбағатай, Іле өнірін, Манас, Құтыбый, Санжы, Үрімжі алқаптарын араладым. Қытайдың шығысындағы Құмыл, Баркөлдегі қазақтарға дейін барып, 100-ден астам күйлер жинадым.

20-ыншы ғасырдың 80-інші жылдарында Қытайдары қазақтар арасында байырғы дәстүрлі шертпе күй жоғалтуға шақ қалды. Қытайда арнайы домбыра үйрететін мектеп болмады. Дәстүрлі күй орындастын қариялар күн санап азайды. Міне, осындағы жағдайда мен сол шертпе дәстүрді сақтап қалсам және оның қаймағын бұзбай қазақ еліне жеткізsem деген асқақ арманым болды. Сол үшін де тынбай іздендім, жалықпай үйрендім. 19-20-ыншы ғасырларда Қытай елінде өткен көне күйшілердің өмірі мен өнерін зерттеп «Шығыстың шырын күйлері» атты кітап жазып, 2002-ыншы жылы Қытай баспасынан шығардым және де сол күйлердің дәстүрін бұзбай орындал «Шыңырау» атты бір күйтаспа шығардым. Бұл екі еңбегім халық арасында үлкен аңыс қозғады. Халық өзінің сағынған сарынымен қайта қауышты.

Қызығы мен қыындығы бірдей күйшілік өнер сапарында мен тек орындаушылықпен ғана шектелмей, өзім де күйлер мен әндер шығардым. Ең алғаш 1982-інші жылы «Жайсан» атты алғашқы күйім шықты. Міне, содан бері де ортада 27 жыл жүгіріп өткен екен. Осы жылдардағы шығармашылық сапарымда 20-дан астам күй, 40 шақты әндер шығардым. Күйлерім мен әндерімнің көбі халық көңілінен жолтапқан көпті қуандырған шығармалар болды. Бір ауыз сөзбен қортындыласам,

менің Қытай еліндегі өнер сапарым сәтімен басталып, сәтімен жалғасын тапты.

Менің өнердегі мақсатым - қазақтың қасиетті күйшілік өнеріне мұрагерлік ету, дамыту, байыту, әрі сол асыл мұраны тарихи отаным Қазақстанның күйшілік алтын қорына қосу еді.

Осы мақсатпен 2001-інші жылдың қараша айында тарихи отаным Қазақстанға алғаш рет келдім, артынан 2003-шіжылы отбасымды көшіріп келдім. Жаңа қоныста өмір сапарды да, өнер сапарды да тыңдан бастауыма тұра келді. Сол себепті өнер өрінде жүрген біраз үлкен ағалармен кездестім. Асыл ағалар Қазақстанның күйшілік алтын қорына мөлдір бұлақтай қосылғалы тұрган, мен алып келген Шығыстың шынырау күйлерін (Қытайдағы қазақтардың байырғы күйлері) көңіл қоя тындалап, мені бауырларына тартып, ағалық ақыл-кеңестерін беріп жөн сілтеді.

2001-інші жыл 19-ыншы қарашада жазушы Дидахмет Әшімханов мені «Ел арна» телеарнасына тікелей эфирге хабарға шақырыды. Мен алғаш рет теларна арқылы Қазақстан халқымен жүздесіп, күй тарттым. Осы хабардан соң дәүлескер күйші марқұм Уали Бекенов ағамыз шақырып, күй тартқызыды. Марқұм күйші ағамызбен өмірінің соңына дейін араласып, шертпе күй тартудың қыр-сырына қанықтым.

Озім елге алып келген, 20 жылдан астам зерттег, зерделеп жинаған Қытайдағы қазақтардың 19-20-ыншығасырларда өткен қазақ күйшілердің күйлерін шамамша насижаттауға кірістім. Менің осы талпынысымды Қаршыға Ахмедияров, Шәміл Әбілтаев, Айтжан Тоқтаған, Таласбек Әсемқұлов, Біләл Ыскәқов, марқұм Даuletбек Сәдуақасов, Жарқын Шәкірім қатарлы қазақтың дәүлескер күйшілері қолданап, демеп, жөн көрсетіп, радио, телеарналарға таныстырып, күйшілігінді насижаттап, халыққа танылуыма зор септігін тигізді. Атағы Алатаудай осы ағаларымның көрсеткен қолдауы менің өнерде алға ілгерлеуіме асқар таудай сүйеу болды.

Өмірдегі замандасым, өнердегі сапарласым Секен Тұрысбеков пен Жанғали Жұзбаевтар әр қайсысы әр күйшілік мектептің басында тұрган қазақ күйшілігіндегі дара тұлғалар екенине қарамастан мені жандарына тартып, қуанышыма ортақтасып, өнерде иық сүйер ыстық ықыласты достарым бола білді.

Шығыс күйлерінің шынырау иірімдері күйшілік сапарда соңымыздан ілесіп келе жатқан іні-қарындастарымыз бер қыздарымызды қызықтырмай қоймады. Осы қатарда Саян Ақмолла, Базарәлі Мұттекеев, Мұрат Әбуғазы, Сәрсенғали Жұзбаев, Ерлан Ырысқали, Нұрханым Жексенбаева, Ақжусан Иманғазықызы сынды жас күйші зерттермендер менімен жиі кездесіп, Шығыс күйлерін зерттеуге талпынды. Мұрат Әбуғазы менің орындауымдағы Қытайдағы қазақтардың көптеген күйлерін өзінің жекелік үнгаспасына жазып алып, нотага түсіріп кітапқа шығарды. Сондай-ақ Қытайдағы көне күйшілердің өмірбаяны жәйлі көптеген құнды мәліметтер алды.

Отандық телеарналар мен радиолар күйге қатысты хабардың бәрінде мені шақырып сұхбаттар өткізіп тұрды. «Жеті саз», «Қазақтың жүз күйі», «Нар идірген», «Күй дария», «Саз Отау», «Көңілшашар», «Таңшолпан», «Дала думан» қатарлы радио, телеарна хабарларының барлығына шақырылып, өзім туған өлкенің күйлерін тартып, қалың тыңдарман қауымның ыстық ықыласына бөлендім.

Тарихи отаным Қазақстанға келгеніме аз жылдар болғанына қарамастан облыстық, республикалық, халықаралық күй фестивальдеріне қатысып, туған халқым алдында еңбегім жанып жүлделі болдым.

Бір бастан айттар болсам: 2006-ыншы жылы 1-3-інші қыркүйек кундері Алматы қаласында өткен республикалық «Көктөбе 2006. Күй керуеніне» Қазақстан Республикасынан таңдал шақырылған 30 күйшінің бірі болып қатысып, күй тартып, “Алтын қобызбен” марапатталдым.

2007-інші жылы 13-інші желтоқсанда республикаға танымал 5 күйші бірлесіп, Алматыдағы Фалымдар үйінде «Абыз домбыра қоңыр күй» атты күй кешін өткіздік

Кешіт өткізген 5 күйші: Таласбек Әсемқұлов, Қошқарбек Тасбергенов, Мұқаш Таңғытыұлы, Мұрат Әбуғазы, Сәрсенғали Жұзбаевтар едік. Күнге сусаған халық қөнілінен шығып жоғары баға алдық.

2008-інші жылы шілде айының 1-7-інші кундері Астана қаласының 10 жылдық мерейтойында өткен «Астана арқауы» атты Халықаралық фестивалде күй тартып субелі сыйлық еншіледім. Бұл Халықаралық фестивалге түрік тілдес ұлттардан Түркия, Россия, Өзбекстан, Башқұрstan, Татарстан, Қыргызстан, Монғолия қатарлы 17 мемлекеттегі әлемге әйгілі өнер саңлақтары қатынасқан еді.

2008-інші жылы қазан айының 7-9-ыншы кундері Алматы қаласында «Мәңгілік сарын» атты республикалық күй антологиясы өтті. Осы «Мәңгілік сарынға» менің орындаудыңда Қытайдағы қазақтардың байырғы күйлерінен уш күй енді. 2009-ыншы жылғы «Ел» продюссерлік орталығынан шыққан «Қазақтың 1000 күйі» атты үлкентоптамаға менің орындаудыңдағы көне күйлер және өз күйлерім енгізілді. Осы екі үлкен күй топтамасына күйлерімді енгізіп, күйшілігімді дұрыс бағалап, қолдан жүрген «Ел» продюссерлік орталығының басшысы Фалым Доссенов мырзага шынайы алғысымды айтамын.

2009-ыншы жылы 3-інші қыркүйек куні Алматы облысы, Талдықорған қаласы Илияс Жансутіров атындағы мәдениет сарайында Алматы облысы бойынша өткен «Нұрлы көш, Нұрлы тіл» атты күй бәсекесінде Алматы облысы бойынша бірінші орынды жеңіп алғып, бас бәйгені еншіледім.

Алла берген өнердің арқасында мемлекеттік лауазымды тұлғалардың қабылдаудыңда болып, алдарында күй тартып, зор құрмет көрген кездерім де болды. Нақтырақ айттар болсақ, 2008-інші жылдың 15-інші желтоқсан куні Қ.Р. Парламент Мәжілісінің төрағасы Орал Мықамеджановтың және Қ.Р. Парламент Мәжілісі төрағасының бірінші орынбасары Жәнібек Кәріпжановтың, Қ.Р. Парламент Мәжілісінің депутаты Уәлихан Қалижановтың қабылдаудыңда болдым.

2008-інші жылы 13-інші желтоқсанда Кенес Одағының батыры қазақтың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіровтың қабылдаудыңда болып, суретке түсіп естелік қалдырыдық.

2008-інші жылы 19-ыншы желтоқсанда Қ.Р. Парламент Сенаторы Оралбай Әбдікәрімовтың қабылдаудыңда болдым.

2009-ыншы жылы 25-інші желтоқсанда өткен қазақтың біртуар ақын қызы Фариза Онғарсынова апайымыздың 70 жасқа толған мерейтойына қатысып, шығыстың шыңырау күйлерін тартып Әбіш Кекілбаев, Қуаныш Сұлтанов бастаған мерейтой қонақтарының ыстық ықыласына бөлендім.

Осы кездесулерден кейін Қ.Р. Парламент Мәжілісінің депутаттары Уәлихан Қалижанов, Бекболат Тілеуханов, Алдан Смайилов, Ж.Сүлейменов қатарлы төрт депутат Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрі Мұхтар Құл-Мұхаммед мырзага депутаттық хат жолдан, Астана қаласы Президенттің Мәдениет орталық сарайында «Алтайдың ар жағынан келген шертпе күйлер» атты күй кешімді өткізіп беруді өтінді.

Өтініш қабылданып, Мұхтар Құл-Мұхаммед мырзаның бекімімен 2009-ыншы жыл 19-ыншы мамыр куні кеште Президент Мәдениет орталығында менің күй кешім өтті. Президент Мәдениет орталығының бастығы Мырзатай Жолдасбеков аға кешімнің басы-қасында бастан аяқ жүріп, қолдау көрсетті. Күй кешіме генерал Абай Тасболатов мырза қатарлы армия басшылары да келді.

Кешімді Қазақстан Республикасының қайраткері, Қ.Р. Парламент Мәжілісі депутаты Уәлихан Қалижанов аға басқарды. Қазақстан Республикасының қайраткері, күйші Шәміл Әблітаев, Қазақстанның Халық әртісі Бекболат Тілеуханов, Қазақстанның Халық әртісі, күйші Секен Тұрысбеков, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, күйші Жанғали Жұзбаев, президент ансамблінің әншісі

Отанбек Еңсеканұлы қатарлы өнер саңлақтары өнер көрсетті. Кешіме Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев арнағы алғыс хат жолдап, кешітің мәртебесін асырды.

2009-ыншы жылы 9-ыншы қараша күні Алматы облыстық мәдениет басқармасы мен Алматы облысы бойынша Қөші-қон департаменті бірлесіп Талдықорған қаласында Ілияс Жансугіров атындағы мәдениет сарайында «Шығыстыңшынырау күйлері» атты авторлық күй кешімді өткізді.

2010-ыншы жылы қантар айында Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Тіл комитеті мен Дүниежүзі Қазақтар қауымдастыры бірлесіп үкімет қаражатымен «Қытайдағы қазақтардың шертпе күйлері» атты CD күйтабағымды шығарды. Күй табағымның шығуына Дүниежүзі Қазақтар қауымдастыры төралқа төрағасының бірінші орынбасары Талғат Мамашев мырза зор қолдау көрсетті. Эрі 15-інші қантар күні Қауымдастықтың үлкен залында күйтабағымның тұсаукесерін өткізіп берді.

Қолдарыңыздағы «Жайсан» атты осы авторлық күй кітабымның баспадан шығуына қаржы беріп қолдау көрсеткен, үлттық өнеріміздің қамқоршысы, Алматы облысының әкімі Серік Әбікенұлы Үмбетов ағамыз.

Мен елге келген аз жылдар ішінде өнерде аздаған нәтижелерге қол жеткізуімді Елдіктің, Егемендіктің арқасы деп білемін. Сондықтан да Қазақтың ұлы тәуелсіздігін алтып берген, жер бетіне тарықтай шашылған қазақтарды көк тудың астына жинап, кең шалқып өмір суруге жағдай жасап отырған елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевқа қараша халықтың бірі ретінде шын көnlімнен шыққан алғысымды айтып, басымды иемін.


Өз үлттың үшін, өз үлттының мәдениеті үшін аянбай тер төгіп жүрген, өз үлттының мәдени мұрасын қарашибындай қастерлеп, алыста жүрген ағайынның азғантай өнер мұрасын үлкен қазына деп біліп, оны қасиетті сахна төріне көтерген қазақ өнерінің алтын қорына қосуға ат салысқан барлық аға-бауырға ыстық көnlімнен шыққан алғысымды айтып, борыштылық білдіремін.

КҮЙЛЕР

1. ЖАЙСАН

Менің өнердегі шығармашылық сапарым студенттік кезімнен басталды. Мен ауыл баласы едім. Бастауыш орта мектепті ауылда, орта мектепте ғана аудан орталығына бардым. Орта мектепті тәмамдап, жоғары мектепке емтихан тапсырып Қаржы институтына оқуға түстім. Бұл 1981-жылдың қыркүйек айы еди.

Менің ауылдан ең үзап шыққаным да, үлкен қаланы көрүім де осы еді. Біз түрган қала біздің ауылдан өте шалғайдағы Үрімжі қаласы болатын. Тұңғыш рет басқа үлт балаларымен бір жатақханада жатып, бір сыныпта оқу маған өте қызық сезілді. Арада айлар өтіп, ауылға деген сағыныш арта бастады. Эрқаптан ауыл өмірі көз алдымынан кетпейтін, араға бір жыл салып сағындырган ауылға да келдім. Барлығы да құшақ жая қарсы алды. Байырғы өзім үйренісken ауыл өмірі маған қатты әсер етті. Сауық сайранмен жүріп каникулдің аяқталғанын да сезбей қалдым. Мектеп басталып қалаға қайта келдім. Тағы да қаланың у шүңғыт тірлігіне араласып кеттім. Мен енді қала адамдары мен ауыл адамдарын салыстыра бастадым. Парық өте үлкен екен. Мейірім-шапағат, ізгілік пен жайсанұлық бері де ауыл адамдарына тән қасиет секілді сезілді. Салыстырған сайын ауылды, ауылдың жайсан жандарын, жадыраган жазын, тұнық қолін ауыл адамдарының жайсан қөнілін сағындыым. Домбырамды қолыма алып, тұңғыш рет бір күй шығардым. Күйімнің атын «Жайсан» деп қойдым. Тұңғыш күйім халыққа бірден үнады. Содан бері біраз күйлер шығарсам да менің қөнілімде «Жайсан» күйімнің орны бөлек. Сол үшін де Қытайдан шыққан үнтаспаның атын да, осы реткі күй кітабымның атын да «Жайсан» деп қойдым.



1. Жайсан

Нотаға тұсірген
Мұрат Әбугазы

Асықпай, сазды

The musical score consists of eight staves of music, each starting with a treble clef and a key signature of one sharp (F#). The time signature varies throughout the piece, indicated by numbers such as 8, 6, 3, and 2 placed above the staff.

- Staff 1:** Features continuous eighth-note patterns. Measure 1 starts with a sixteenth-note pattern.
- Staff 2:** Continues the eighth-note patterns from Staff 1.
- Staff 3:** Starts with a sixteenth-note pattern. Measures 9 and 10 show a transition to a different rhythmic pattern.
- Staff 4:** Continues the eighth-note patterns.
- Staff 5:** Starts with a sixteenth-note pattern. Measures 13 and 14 show a transition to a different rhythmic pattern.
- Staff 6:** Continues the eighth-note patterns.
- Staff 7:** Starts with a sixteenth-note pattern. Measures 17 and 18 show a transition to a different rhythmic pattern.
- Staff 8:** Continues the eighth-note patterns.

Measure numbers are present above the first four staves: 1, 5, 9, 13, 17, 20, and 23. The last two staves do not have measure numbers.